

**АХМЕТ**
**Байтұрсынов**

# ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ШАПАҒАТЫ

Қараңғыны қақ жарған Шолпан - жұлдыз,
Терең суда болатын құнды құндыз.
Ахаң салған ағарту мектебінде,
Білмегенін біліпті ұл менен қыз.

Білім - бұлақ болғанда, ұстаз-құрақ,
Мектебінің жүрегі, жанған шырақ.
Әттең, осы жолменен жүргізбеді,
Жеткізбеді жеріне тағдыр-сынақ...

Тағдыр-сынақ сынады қазақ елін,
Аласартып жіберді асқар белін.
Торғайды тоз-тоз қылып, салды әлекке
Асылдардың аздырып туған жерін.

Тәуелсіздік келгенде бәрі өзгерді,
Азаттықты ұрпақтың көзі көрді.
Ұлы ұстазы аңсаған бір кездегі,
Жаңа заман жарқырар кезі келді.

Алаштың аймаңдайы - алтын сақа,
Күтеміз Өзіңізден асыл бата.
Толқын - толқын ұрпақтар дұға жасар,
Рухыңыз разы болсын, Ахмет ата!!!

**Бауыржан РЫСБЕКОВ,**
**Талды ЖББМ-нің қазақ тілі мен**
**әдебиеті пәндерінің мұғалімі.**
**Талды ауылы.**